

УДК 398.91:82-84 (574)

Д.Қ. Сапабеков, PhD

Инновациялық Евразиялық университеті (Павлодар қ.)

А.О. Искакова

№ 28 жалпы орта білім беру мектебі (Павлодар қ.)

E-mail: Ainur.Iskakov@mail.ru

Көненің көзі - дананың сөзі

Түйіндеме: *Мақал-мәтел дегеніміз - халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін сөз. Мақал менен мәтелдер - ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі: ол ғасырлар бойы халықтың ұқыпты сақтап келген еңбек тәжірибесінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арқасы, өмір-тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан, тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы*

Мақал-мәтелдерді дана бабаларымыздан қалған аталар сөзі десе де болады. Демек, бұл - ұлт даналығын араға талай ғасырлар салып, бүгінгі ұрпаққа нақыш-баяуын солғындатпай, мән-мағынасын бәсеңдетпей, көркемдігі мен бейнелілігін жоғалтпай, тұтас жеткізіп отырған ана тіліміздің құдіретті күші. Бұл - даналықтың бір бұлағы тіл деген сөз.

Түйін сөздер: *мақал-мәтелдер, халық ауыз әдебиеті, нақыл сөздер, тарих, пікір*

Әрбір этностың адамзат қоғамындағы тарихи-мәдени рөлін, өркениетке қосқан үлесін, рухани болмысы мен ментальдық құндылығын бағалағанда оның даналық қорында жинақталып, қалыптасқан мақалдары мен мәтелдерінің ауқымын ғана емес, дүниетанымдық ой-парасатының тұңғық тереңдігін де шарықтау шегінің биіктігі мен мазмұн-мәнінің кеңдігін де ескерген абзал. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ мақал-мәтелдерінің өткен өмір мен бүгінгі болмысты танып-білудегі логикалық, философиялық, дүниетанымдық, эстетикалық, тағлымдық, прагматикалық, этнолингвистикалық мәні өте зор.

Халық даналығының ұйытқысы болып саналатын мақал-мәтелдер, сайып келгенде, ұлттық тілдің құдіретті күші арқылы қалыптасып, байлығы менен көркемдігі негізінде өрістеп, дамып отырады. Тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымауы мүмкін. Атам қазақтың «Халық даналығы – тілінде» деп ескертуі де осыған байланысты болса керек.

Тілдің халық өмірінде атқаратын қызметі көп-ақ. Солардың бірегейі – ұрпақпен ұрпақ арасын жалғастыратын, өткен өмір мен бүгінгі болмысымызды, онымен болашақты ұластыратын "алтын көпір" бейнелі қызметі. Халық даналығының ұйытқысы – тілдің бұл қызметін ғылымда кумулятивтік функциясы деп атайды. Оның бұл қызметі – ұлттың ұзын сонар рухани өмірін жалғастырушы ғана емес, сонымен қатар ұлт тарихы мен менталитетіне, сана-сезіміне, өзіндік болмысына қажетті рухани құндылықтарды өз бойында сақтап, келесі ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын қасиетімен де қымбат.

Мақал-мәтелдерді дана бабаларымыздан қалған аталар сөзі десе де болады. Демек, бұл – ұлт даналығын араға талай ғасырлар салып, бүгінгі ұрпаққа нақыш-баяуын солғындатпай, мән-мағынасын бәсеңдетпей, көркемдігі мен бейнелілігін жоғалтпай, тұтас жеткізіп отырған ана тіліміздің құдіретті күші. Бұл - даналықтың бір бұлағы тіл деген сөз.

Халық даналығының қайнар көзі - тіліміздегі мыңдаған мақал-мәтелдер десек, одан даналықтың басқа да қыр-сырын білдіретін басқа сөз жоқ деген түсінік тумаса керек. Осының барлығы даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлімнің баяндалған, көркем сөзбен көмкерілген, тұрақты, қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері. Қалай болғанда да, халық даналығының қай түрі болмасын, сөз құдіреті арқылы паш етіліп, халық арасына тарап, ел жадында сақталып бізге жетіп отыр.

Халық даналығына қатысты ұғым мен атаудың санатына ең алдымен «мақал» мен «мәтел» жатады. Жоғарыда олар жалпы түрде ғана сөз болды. Дегенмен, бұл сөздердің төркіні не? Неге бұл термин туыстас түркі тілдерінде бірдей емес?

Мәселен: ұйғыр тілінде – «мақал вә тәмсил», татар тілінде – «мәкаль һәм әйтем», түрікмен тілінде – «нақылдар ве аталар сөзі», өзбек тілінде – «мақоллар», әзербайжан тілінде – «аталар сөзү», «зәрб-мәсәл», ноғай тілінде – «такпак эм айтув»; алтай тілінде – «укаа сос, кеп сос», хақас тілінде – «соспек»; башқұрт тілінде – «мәкәл, әйтем», түрік тілінде – «atarsozii» т.т.

Оның басты себебі, біріншіден, даналыққа қатысты ұғымның кеңдігіне байланысты болса, екіншіден, түркі тілдерінің дербестеніп дами түсуіне және о бастағы «аталар сөзі» деген байырғы атауға әрқайсысы өздерінше балама табуынан болса керек. Бірақ, одан мақал-мәтелдердің табиғаты өзгере қойған жоқ.

Мақал да, мәтел де қазақ тіліне араб тілінен енген сөздер. Мақал араб тілінде – [maqal] - «орынды айтылған сөз» (араб тілінде: «Ли келли маканин мақал» - «өз орнында айтылуға тиісті сөз» деген нақыл сөз бар екен). Тілімізде көп айтыла беретін мақала («статья», «заметка») – осыдан туындаған, ол араб тілінде – «сөз сөйлеу», «мақала жазу» мағынасында қолданылады. Мәтел сөзі де

түпнұсқада айтылуына, жазылуына [масал-мәсел] байланысты тұлғасы өзгертіліп алынған араб сөзі. Бұл сөздерді мақал-мәтел деп қосарлап айтқандағы мақсат - әрі «мысал, әрі тәмсіл дегенді аңғарту».

Даналыққа қатысты бұл ұғымның мағына-мәнінің кең де абстракциялы болуына байланысты, оларға түркі халықтарының әрқайсысы өз тарапынан ат қойып, айдар тағып алуынын себебі осында болса керек. Мақал-мәтелдер қазақ тілінде «даналық» ұғымының негізгі бір көрсеткіші болып қалыптасқан атау. Ал, бұл ұғымды ерте кездерде көп тілдер «аталар сөзі» арқылы бергендігі көрініп-ақ тұр. Бүгінгі түркі тілдерінің ішінде «аталар сөзі», негізінен, оғыз тобындағы тілдерде (түрік, эзербайжан, түрікмен) сақталғаны байқалады. Демек, бұл ұғымның о бастағы атауы шынымен-ақ «аталар сөзі» болғаны даусыз, «мақал-мәтел» кейін қабылданған атау.

Бүгінгі қазақ тілінде «даналық» ұғымын білдіретін тек «мақал-мәтел» атауы ғана емес екендігін біз жоғарыда ескерттік.

Пайымдап қараған адам халық данылығы оның тілінде, мәнді де мағыналы сөзінде екендігін бірден аңғарады. Демек, мақал-мәтелдерді көркемсөз өнерінің көрікті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші деген анықтамамен келіспеске болмайды. Адам баласына тән асқақ ой, тегеуірінді тұжырым, кемелді ақыл, дара біткен даналық – бәрі-бәрі, сайып келгенде, тауып айтылған сөз арқылы ғана әр қырынан жарқырап көріне алады.

Ежелден-ақ қазақ атам сөз қадірін ерекше бағалаған. Сондықтан да, қысқа да нұсқа болып келетін мақал-мәтел тілін – даналық тілі деп айрықша құрметтеген. «Тіл – тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Тіліміздің осындай», «Жақсы сөз - жарым ырыс»; «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» т.т.

Өз ана тілін сүймейтін, сөз қадірін білмейтін халық жоқ шығар. Бірақ қазақтар - солардың ішінде сөз құдіретіне ерекше табынатын, сөзді пір тұтатын халық. Қазақ қауымында тек бір ауыз сөз арқылы ғана өмірдің небір түйінді де күрделі мәселелерін шешуге болатындығы ерекше аталады. Белгілі ақын Кәкімбек Салықов «бір ауыз сөздің» тұңғыық терең сыры мен мәнін:

«Бір ауыз сөз қасиетті тияды,
Бір ауыз сөз айықпас дерітті жияды;
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды...» –

деп жырлайды. Даналықтың терең сыры да, міне, осы сөз арқылы танылып, адам санасына сіңеді.

Тілімізде қордаланған мыңдаған мақал-мәтелдердің мән-мағынасына зерделі көзбен қараған адам ең алдымен өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алады. мақал-мәтелдер, әрине, тарих пен өткен уақыттың табын бойында сақтаған рухани шежіре. Ел жадында сақталған кейбір мақал-мәтелдерден есте жоқ ескі замандардың сарынын аңғарып, тарихи дәуірлердің дүбірін сезінуге болатын сияқты. Мәселен, «ғұн/хун заманын», «Сақ дәуірін» естіген де, естімеген де жұртшылық бар. Ал, қазақ, тілінде: «Көкте күн-жалғыз, Жерде ғұн – жалғыз» деген мақал кездеседі. Қазақ этносының (әрине оның ата-бабаларының) санасында сақталып қалған бұл мақалдың мағынасын, пайда болу мотивін «тым ерте кездерде ғұндар көне түркі тайпаларының басын қосып, бүкіл Еуро-азиялық жазықтықта ұлы Ғұн империясын құрып, аспандағы Күн сияқты, сонша елді бір өзі ғана билеп-төстеген бір ғана ғұндар еді» деп түсіндіруге болатын сияқты.

Көмескілеу болса да, халық санасында сақталған осы ұғымның бір мәнін бүгінгі заман (XX ғасыр) ақын-жазушылары, мәселен, Мағжан Жұмабаев: «Ғұн Күннен жаралған», «Ғұн – Күн текті бейне» деп жырласа, Жұбан Молдағалиев: «Осындай боп, білмеймін, кімнен тудым, бәлкім қайсақ, бәлкім бір ғұннен тудым...» – деп, өзінің сол ғұнның бір ұрпағы екендігін паш етіп отыр.

Осының өзі-ақ бүгінгі қазақтардың нақтылы дәйек келтіріп, дәлелдеп келе жатқан ұлан-ғайыр проблемасының күре тамырын атам заманда бабалар аузымен айтылып қалған осы бір мақал тап басып отырған жоқ па? Сол сияқты, «Сегіз саққа жүгірту» деген тұрақты тіркесте бүгінгі қазақтардың көнедегі ата-бабалары сақтарды айтып, солардың әскери айла-тәсілін аңғартып тұрған жоқ па?

Одан берірек пайда болған «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» деген мақал бүкіл Орта Азия, Кавказ, Кіші Азия халықтары арасында есімі аңызға айналған абыз, өмір бойы өлімге қарсы күресіп өткен Қорқыт атаның осы бір ерекше әрекетіне байланысты қалыптасқандығы белгілі.

Сол сияқты: «Өлдің Мамай-қор болдың», «Жаудықашырған қарапайым халық - батыр атақ Барақта қалды», «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба?», «Қасымның ханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы», «Аяз би, өліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл», «Бәлен жерде Бақан тау – ол да біздің барған тау» т.б. мақал-мәтелдердің баршасы қазақ халқының жалпы тарихына және нақтылы тарихи тұлғалардың жеке басына, іс-әрекетіне байланысты қалыптасқан.

Мұның бәрі, сондай-ақ мақал-мәтелдердің мотивтік негіздерінің басым көпшілігі ретроспективті бағыттағы үрдісте, көне салт-дәстүрлер мен дүниетанымды уағыздау барысында қалыптасуы, сайып келгенде, олардың «архаикалық құбылыс» екендігін айқындай түседі. Замана талабына сай қаншама жаңа мақал-мәтелдер пайда болып, даналық қоры толассыз толығып, дамып жатса да оның рухани көзі өткен өмірімізге байланысты. Мақал-мәтелдерді «көненің көзі, дананың сөзі» деп атауымыздың басты себебі де, міне, осы.

Мақал-мәтелдерге байланысты көп мәселенің бір түйіні олардың жалпы сипаты мен болмыс-бітімі төңірегінде шоғырланған. Мұнда әрбір зерттеушінің өзіндік таным-түсінігі баяндалған. Олар қалай айтылмасын және кім тарапынан айтылмасын, бір-бірін қайталау, толықтыру арқылы, бәрі бір идея, бір түсінік төңірегінен тоғысады. Ол идеяның түйіні, сайып келгенде, мақал-мәтелдер - қай тілде болмасын, халық даналығының қайнар көзі, ақылман ойшылдар, ділмәр-шешендер, айтқыш даналар сөзінің мәйегі, ұйытқысы. Осы арнада сөз қозғасақ, білгір мамандар мен зиялы қауым тарапынан айтылып, жазылып келе жатқан пікірлер көп-ақ. Солардың кейбіреулерін ғана атап өтейік. Мәселен, белгілі орыс ғалымы П.Жуковский: «Пословицы великолепно закрепляют в памяти и уясняют различные стороны народной жизни и выдающиеся события... Пословицы и поговорки обозначают отношение народа к существующим еще теперь и недавно исчезнувшим явлениям жизни, поэтому при их помощи легко установить некоторые черты жизни прошлого» [1, 32 б.] деп, мақал-мәтелдердің белгілі бір халықтың басынан кешірген тарихына, сол халықтың өз өмірінде болған, бірақ бола бастаған, не бір жолата ұмытылған құбылыстар мен оқиғаларға деген көзқарасын, жадында сақталған өткен өмір елестерін жаңғыртатын, мән-мағынасын түсіндіретін тіл деректері дегенді аңғартады.

Парсы мақал-мәтелдерін зерттеуші ғалым Халық Көрөғлы: «Пословицы и поговорки персидского языка как синтез практических наблюдений, обобщение жизненных ситуаций и отдельных коллизий, как правило, охватывают все аспекты бытия... Поэтому паремический фонд любого языка имеет социальное содержание...» [2, 38 б.] – деп, мақал-мәтелдер қоры әрбір халықтың әлеуметтік хал-күйінің айнасы екендігін көрсетеді.

Батыс, Шығыс халықтарының мақал-мәтелдер байлығын арнайы зерттеп, құнды еңбектер жариялаған белгілі орыс ғалымы Г.Л. Пермяков бұл күрделі құбылыстың тілге, философияға, әдебиетке т.б. категорияларға қатысты екенін айта келе:

«С одной стороны, пословицы и поговорки – явление языка, устойчивые сочетания, во многом сходные с фразеологическими оборотами. С другой – это определенные логические единицы, выражающие то или иное суждение. С третьей – это художественные миниатюры, в яркой, чеканной форме обобщающие (а точнее моделирующие) факты самой действительности» [3, 10 б.] – деп көрсетеді

Шынында да, автордың бұл тұжырымы көптеген басқа зерттеушілердің айтып келген пікірлерінің жиынтығы сияқты.

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеудегі ғалымдардың бұл құбылысқа өзіндік көзқарасы бар. Мысалы, академик Мұхтар Әуезов қазақ мақал-мәтелдерін былайша сипаттайды: «Мақал-мәтел халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы.

Мақал-мәтел дегеніміз – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін сөз.

Мақал тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте, ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құрылады. Ал, мәтел, мақал сияқты, толық түрінде құрылмай, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады» [4, 394 б.] дейді.

30-жылдардан бастап қазақ мақал-мәтелдерін жинақтап, жүйелеп, жариялап келген әдебиетші ғалым Өтебай Тұрманжановтың, ол жөніндегі тұжырымы былайша:

«Мақал менен мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі: ол ғасырлар бойы халықтың ұқыптап сақтап келген еңбек тәжірибесінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арқасы, өмір-тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан, тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұрасы» [5, 3 б.] – деп анықтайды ол мақал-мәтел табиғатын.

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеуші ғалым М.Ғабдуллин бұл құбылысты екінші бір қырынан қарастырып, былайша сипаттайды: «Ең алдымен, әлеуметтік жағынан алғанда, мақал - үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорыпындысы болып келеді, ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, байсалды тұжырым есебінде қолданылады» [6, 250 б.].

Қазақ мақал-мәтелдерінің тарихи даму жолын зерттеген ғалым С.Н. Нұрышевтың анықтамасы бойынша: «Мақал – ауыз әдебиетінің қазақ халқының өмірін барлық жағынан кең түрде қамтып алған жанрларының бірі» [7, 128 б.] – делінген. Автор қазақ мақал-мәтелдерінің тарихын «Қазақстанның Россияға қосылғанға дейінгі және қосылғаннан кейінгі тарихы» деп, үлкен екі кезеңге бөліп қарастыру арқылы яғни орыс мәдениетінің оған тигізген "игілікті" әсерін сөз ету арқылы, баяндауға тырысады.

С.Н. Нұрышевтың тағы бір пікірі мақал-мәтелдердің ертедегі қазақ қауымында моральдық ретінде атқарған қызметіне байланысты: «Мақалдар халықтың қуанышы мен күйінішін даналығы мен өмірден алған тәжірибесін жарыққа шығарудың бұқара арасында неғұрлым көп қолданылатын формаларының бірі болып қана қойған жоқ. Үстіне моральдық заңдар жинағы сияқты болып кетті, мақал көбінше елеулі талас - тартыстардың, дау-жанжалдардың тағдырын шешетін өте маңызды дәлел ретінде қолданыла-тын болды» [7, 26-66-б.] – дейді автор.

Мақал-мәтелдер - шешендік өнерінің ең бір өзекті де үйлесімді мәселесі. Осыған байланысты көп жылдар бойы шешендік сөздер проблемасымен шұғылданған және бұл салада өндірте еңбек еткен ғалым Балтабай Адамбаев та мақал-мәтелдерге төмендегіше анықтама береді: «Мақал-мәтел - мазмұны бай, көлемі шағын, тілі көркем халық шығармасы, белгілі бір халықтың қоғам тіршілігінен, табиғат

құбылысынан жасаған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, кодексі, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы».

«Қазақтың мақалдары мен мәтелдері сан ғасырлық халық тәжірибесінің жиынтығы, ақыл-ойының қорытындысы және қоғамдағы дау-талас мәселесін реттейтін заңы, кодексі; бір сөзбен айтқанда: қазақ өмірінің, санасының айнасы, шежіресі» [8, 27 б.] – деп көрсетеді.

Қазақ халық даналығының ұйытқысы – мақал-мәтелдерді көп жылдар бойы жинақтап, зерттеп, жүйелеп, өндеп, жариялап келе жатқан, сондай-ақ мақал-мәтелдер қорын өз туындыларымен де, аудармаларымен де толықтырып, бұл салада ерекше еңбегімен танымал болған әйгілі ақын Мұзафар Әлімбаевтың да бұл құбылысқа деген өзіндік көзқарасы мен пікірі бар. Ол:

«Мақал дегеніміз өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық накылы. Мысалдар: «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол « т.б., ал «мәтел дегеніміз - халық арасында көп тараған, қорытындысы болмайтын. тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшам де кестелі халық сөзі: «Апама жездем сай» т.б [9, 18-б.] – деп көрсетеді.

Жоғарыда барша тілдерде кездесетін әмбебап құбылыс – мақалдар мен мәтелдердің болмысын, табиғатын анықтап, сипаттайтын пікір-тұжырымдардың біразы келтірді. Бұл ой-пікірлер әрбір автордың бұл құбылысқа деген әр тұрғыдан қарап айтқан көзқарасы болса да, түптеп келгенде, бір тұтас ортақ ұғым төңірегінде тоғысып тұр.

Дегенмен, олардың әрқайсысына зерделей қарап, талдап-тарата білген зерттеушіге мақал-мәтелдер туралы осы мағлұматтың өзі де көп нәрсені аңғартатыны даусыз. Түйіндеп айтылған бұл пікір-тұжырымдарда мақал-мәтелдердің табиғаты туралы жалпы түсініктермен қатар өзіндік үрдісі, терең сыры, нақтылы мәні бар практикалық, теориялық мәселелер де аз емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жуковский П. История слова. – Москва, 1914. – 580 б.
- 2 Көрұғлы Х. Пословицы и поговорки персидского языка. – Москва, 1973. – 230 б.
- 3 Гермеков Г. Пословицы и поговорки народов востока. – Москва: Педагогика, 1972. – 320 б.
- 4 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. – 394 б.
- 5 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.
- 6 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – 305 б.
- 7 Нұрышев Н. Қазақ халық мақалдарының даму тарихынан. – Алматы, 1959. – 128 б.
- 8 Адамбаев Б. Қазақ халық әдебиеті: мақал-мәтелдер. – Алматы: Ғылым 1996. – 527 б.
- 9 Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы: Ғылым, 1967. – 300 б.

REFERENCES

- 1 Zhukovskiy P. I'stori'ya slova. – Moskva, 1914. – 580 b.
- 2 Ko'rughly' X. Poslovi'cy' i' pogovorki' persi'dskogo yazy'ka. – Moskva, 1973. – 230 b.
- 3 Germekov G. Poslovi'cy' i' pogovorki' narodov vostoka. – Moskva: Pedagogi'ka, 1972. – 320 b.
- 4 A'wezov M. Qazaq a'debi'etinin tari'xy'. – Almaty', 1960. – 394 b.
- 5 Turmanzhanov O'. Qazaqy'nh maqal-ma'telderi. – Almaty': Ana tili, 1992. – 220 b.
- 6 Ghabdwilli'n M. Qazaq xalqy'ny'nh awy'z a'debi'eti. – Almaty', 1958. – 305 b.
- 7 Nury'shev N. Qazaq xaly'q maqaldary'ny'nh damw tari'xy'nan. – Almaty', 1959. – 128 b.
- 8 Adambaev B. Qazaq xaly'q a'debi'eti: maqal-ma'telder. – Almaty': Ghy'ly'm 1996. – 527 b.
- 9 A'limbaev M. O'rnekti so'z – orta qazy'na. – Almaty': Ghy'ly'm, 1967. – 300 b.

РЕЗЮМЕ

Д.Қ. Сапабеков, PhD

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар),

А.О. Искакова

Средняя общеобразовательная школа № 28 (г. Павлодар)

Роль пословицы и поговорки в казахской литературе

Пословицы и поговорки – это выражения, взятые из произведений литературы, употребляемые народом, меткие изречения, которые выражают глубокий и мудрый смысл.

Авторами представлен анализ пословиц и поговорок, а также рассмотрена их роль в литературе. В них выражаются знания народа об окружающем мире и бытовой жизни, дается краткий и выразительный итог многовековых наблюдений.

Ключевые слова: *пословицы-поговорки, устная народная литература, история, мнение.*

RESUME**D.K. Sapabekov PhD***Innovative University of Eurasia (Pavlodar)***A.O. Iskakova***Secondary General School No. 28 (Pavlodar)****Role of a proverb and saying in the Kazakh literature***

Proverbs and sayings are the expressions taken from literary works used by people as well as well-aimed sayings which express deep and wise meaning.

The authors present the analysis of proverbs and sayings and their role in the literature. Knowledge of people on the world around and household life is expressed in them as well as the short and emphatic result of long-term and sometimes centuries-old supervisions is given

Key words: *proverbs, sayings, oral national literature, history, opinion*

УДК 821.111:821.161**Т.О. Левицкая**

Каменец-Подольский национальный университет
имени Ивана Огиенко (Украина, г. Каменец-Подольский)

Имаготип иудея: от Вальтера Скотта до Николая Гоголя

Аннотация. *Используя новейшие методы исследования одной из новейших отраслей компаративистики – имагологии, автор статьи исследует исторические, культурологические, социологические и психологические аспекты имаготипов иудея в романе В. Скотта «Айвенго» и повести Н. Гоголя «Тарас Бульба».*

Ключевые слова: *имагология, имаготип иудея, романтизм, роман, образ Чужого, Вальтер Скотт*

Период романтизма в Европе отмечался интенсивным процессом формирования наций и секуляризации общества, поэтому в центре поисков романтиков, находилась проблема трансформации религиозного сознания и кристаллизации национальной идентичности, которая стала стержневой в творчестве многих писателей. Процесс формирования национальной идентичности в литературе рассматривается с перспективы бинарной оппозиции «своего» и «чужого», которая в современной науке является основополагающей для изучения проблем индивидуальной, коллективной, национальной идентичности. По мнению культуролога Гасана Гусейнова, в кризисные моменты переосмысления своей идентичности, когда собственная культурная традиция в представлении людей подорвана, образы «чужих» культур, осознанно или нет, приобретают особенный смысл [1, с. 137]. В современном мире межрелигиозных, наднациональных и глобальных диалогических тенденций исследование представлений одних народов о других, которые сформировались в процессе их длительных контактов, является одним из актуальных направлений исследований в различных науках, а коммуникативно-рецептивные аспекты в литературе продолжают все больше интересовать литературоведов.

Учитывая актуальность этой проблематики, следует рассмотреть ее в сфере литературоведческой имагологии, как соотносятся религиозные стереотипы, распространенные в обыденном сознании, и литературные имаготипы, использующиеся для создания художественного эффекта.

Объектом исследования выступает один из романов В. Скотта «Айвенго», повесть Н. Гоголя «Тарас Бульба». Предметом исследования выступает религиозный имаготип иудея, который конструирует не только индивидуальные черты, но и религиозную идентичность изображаемых персонажей, представляя их определенные признаки как «типичные» для адептов данной религии.

Во время исследования нами широко использовались методологические достижения в области современной имагологии – а именно идеи, изложенные в трудах М. Беллера [2], Х. Дизеринка [3], Ж. Леерсена [4], М. Кадота [5] и других. Проблемы формирования и интерпретации религиозных имаготипов в художественной литературе периода романтизма исследовали В. Будный [6], И. Варрак [7], Дж. Вотт [8], Д. Наливайко [9], Д. Райли-Смит [10], В. Орехов [11] и др.

По мнению С. Дудакова, к началу периода романтизма имаготип иудея, созданный в мировой литературе христианами писателями независимо от их этнического или национального происхождения, создавался на полностью определенных мифологемах и имел двойственную природу: с одной стороны, старозаветная история определяла «высокий имиджевый стиль», а из другой – уже